«8D05404-Іргелі және қолданбалы математика» білім беру бағдарламасы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Еркинбаев Нурланның **«Бесов кеңістіктеріндегі бөлікті – аналитикалық функциялар үшін шекаралық түйіндес есептері және олардың қолданбалары»** тақырыбы
бойынша ұсынылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Берілген диссертациялық жұмыс аналитикалық функциялар теориясындағы маңызды бағыттардың бірі – Риман есебін Бесов кеңістіктерінде зерттеуге арналған. Комплекс айнымалы функциялар теориясында шеттік есептің шешімі бар болу шарттары анықталған, үзіліссіз тығыздықпен жабық облыста үзіліссіз жаңа Коши типтес интегралдар класы көрсетілген, Сохоцкий–Племель формулаларының орындалатыны дәлелденген. Бұл нәтижелер теориялық маңыздылығымен қатар, дифференциалдық теңдеулердің шеттік есептері және функционалдық талдау саласындағы қолданбаларымен ерекшеленеді.

Жұмыстың жаңалығы Бесов кеңістіктерін қолдану арқылы классикалық шеттік есептері Гёльдер үзіліссіздігіне қойылатын шарттарды әлсіретуде жатыр. Бұл әдіс сингулярлық интегралдық операторлардың қасиеттерін зерттеуге және олардың классикалық дифференциалдық операторлармен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған нәтижелер математикалық физика мен механика салаларындағы болашақ зерттеулер үшін теориялық негіз бола алады.

Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен, өзектілігімен және қолданбалы маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жоғары деңгейде орындалған және алынған нәтижелер аналитикалық функциялар теориясында, шеттік есептер теориясында және дифференциалдық теңдеулердің функционалдық әдістерінде маңызды үлес қосады.

Диссертацияда алынған нәтижелер жаңа және көлемді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында диссертанттың үш мақаласы жоғарғы рейтингті, Web of Science және Scopus базаларына кіретін импакт-факторы бар журналдарда жарияланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бірнеше халықаралық конференциялар мен ғылыми семинарларда баяндалып, талқылаулардан өтті. Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында берілген тапсырмаларды ұқыпты орындай білетін және өз бетінше жұмыс жасай алатын қабілетке ие екендігін көрсетті.

Н. Еркинбаевтың «Бесов кеңістіктеріндегі бөлікті-аналитикалық функциялар үшін шекаралық түйіндес есептері және олардың қолданбалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің ғылыми маңыздылығы және жаңашылдығы тұрғысынан диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сай және оның авторы «8D05404-Іргелі және қолданбалы математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
Ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Н.К. Блиев

КАДР БӨЛІМІ